

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КОМИТЕТІ МӘЖІЛІСІНІҢ**

№9 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

13.05.2025 ж.

Қатысқандар: Факультет деканы А.Өзтүрк, Факультет ОӘК төрағасы М.Талдыбаева, деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.Сүінжанова, ғылым және халықаралық қатынастар ісі жөніндегі орынбасары Е.Алашбаев, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ю.Алимова, «Орыс тілі және әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі С.Бейсембаева, «Жалпы академиялық ағылшын тілі» кафедрасының меңгерушісі Б.Турлыбеков, «Түрік филологиясы» кафедрасының меңгерушісі К.Семиз, «Ағылшын филологиясы және аударма ісі» кафедрасының меңгерушісі А.Ермекбаева, «Педагогикалық шетел тілдері» кафедрасының меңгерушісі Л.Қазыханқызы, «Қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі Ж.Исаева, факультет СМЖ жұмысына жауапты Ы.Нурмагомбетова, кафедраның ОӘК жауапты төрайымдары, факультет ОӘК хатшысы А.Құрбан.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын ендіру барысына мониторинг нәтижелерін талдау
2. 2024-2025 оқу жылына студенттерге, магистранттарға, докторанттарға арналған бір жылдық жұмыс оқу жоспарларын бекіту
3. 2023-2026 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспар аясында академиялық жұмысы бойынша жылдық есебін беру (2024-2025 оқу жылы бойынша)
4. Бағдарламалық аккредиттеу, институционалдық аккредиттеу постмониторинг жұмыстары нәтижелері туралы
5. Әр түрлі мәселелер

1. Оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын ендіру барысына мониторинг нәтижелерін талдау

1. Бірінші мәселе бойынша ОӘК төрағасы М.Талдыбаева Ахмет Ясауи университетінде оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын ендіру барысына мониторинг нәтижелерін талдау, оқыту технологиясы және кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстарға байланысты құжаттарды әзірлеу және оларды енгізу қарқынды жүргізілді деді. Университетте білім беру іс-әрекеттері дұрыс қызмет етуі үшін және оны ұйымдастыру үшін бірқатар іс-шараларын жүргізді. Білім беру процесі оқытудың жаңа технологиясы – portal.ayu@ayu.edu.kz, бағдарламасы бойынша оқу жоспарына сай жүзеге асырылды. Пәндердің электронды оқу-әдістемелік кешендері (силлабус, лекция тезистері, иллюстративтік және таратылым материалдары, семинар (практикалық), лабораториялық сабақтардың жоспары мен әдістемелік нұсқаулары және т.б.) жүктелді. Білім беру қорларын (ресурстарын) қол жетімді етті. Білім алушылар және оқытушылар университеттің кітапханасына сайт арқылы кіріп, пайдалану мүмкіндігін алды.

ШЕШІМ: Оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын қолданып оқыту, сабақтар жүргізу, өзара сабаққа ену мониторинг нәтижелерін талдау жұмыстары кафедра меңгерушілері тарапынан қадағалансын.

2. 2024-2025 оқу жылына студенттерге, магистранттарға, докторанттарға арналған бір жылдық жұмыс оқу жоспарларын бекіту

2. Екінші мәселе бойынша 2024–2025 оқу жылына студенттерге, магистранттарға, докторанттарға арналған бір жылдық жұмыс оқу жоспарларын бекіту мәселесі қаралды.

Филология факультетінің деканы А.Өзтүрк жұмыс оқу жоспарларының құрылымы мен мазмұнына тоқталып, олардың білім беру бағдарламаларындағы мақсаттар мен құзыреттерге сәйкестігін қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтті. Сонымен қатар, А.Өзтүрк магистратура мен докторантура бағдарламаларына қабылданатын білім алушыларға арналған пререквизиттер мен постреквизиттерді жаңарту қажеттігін көтеріп, бұл тізімдерді университеттің Академиялық комитетіне бекітуге ұсынуды ұсынды.

Кафедра меңгерушілері өз бағыттары бойынша жоспарлардың өзектілігін атап өтті. Атап айтқанда, «Ағылшын филологиясы және аударма ісі» кафедрасының меңгерушісі А.Ермекбаева элективті пәндерді жаңартуға қатысты ұсыныс білдірді, ал «Қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі Ж.Исаева оқу жүктемесін нақтылау бойынша ұсыныстарын жеткізді.

ШЕШІМ: 2024–2025 оқу жылына арналған студенттерге, магистранттарға, докторанттарға арналған бір жылдық жұмыс оқу жоспарларын бекітуге ұсынылсын. Магистратура және докторантура білім беру бағдарламалары бойынша пререквизиттер мен постреквизиттер тізімі университеттің Академиялық комитетіне ұсынылсын. (Жауапты: кафедра меңгерушілері).

3. 2023-2026 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспар аясында академиялық жұмысы бойынша жылдық есебін беру (2024-2025 оқу жылы бойынша)

3. Оныншы мәселе бойынша факультет деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж. Сүинжанова 2023–2026 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспары аясында 2024–2025 оқу жылында атқарылған академиялық жұмыс барысы туралы баяндама жасады. Ол оқу үдерісінің ұйымдастырылуы, пәндердің сапалық көрсеткіштері, оқу-әдістемелік құжаттардың жаңартылуы мен оқыту технологияларын жетілдіру бағытындағы жұмыстарға тоқталды.

Кафедра меңгерушілері өз кафедралары бойынша оқу-әдістемелік жұмыстардың орындалуы туралы қысқаша есеп беріп, келесі оқу жылына жоспарланған негізгі бағыттармен бөлісті.

ШЕШІМ: 2024–2025 оқу жылына арналған академиялық жұмыс бойынша кафедралар ұсынған есептер назарға алынсын. Факультет деңгейінде стратегиялық жоспардың орындалуы тұрақты түрде қадағалансын. (Жауапты: кафедра меңгерушілері, факультет әкімшілігі)

4. Бағдарламалық аккредиттеу, институционалдық аккредиттеу постмониторинг жұмыстары нәтижелері туралы

Төртінші мәселе бойынша факультет ОӘК төрағасы М.Талдыбаева бағдарламалық және институционалдық аккредиттеуден кейінгі постмониторинг жұмыстарының нәтижелерімен таныстырды. М.Талдыбаева сыртқы бағалау агенттіктері ұсынған ұсынымдар негізінде атқарылған түзету шараларына, оқу үдерісі мен сапаны қамтамасыз ету жүйесіне енгізілген өзгерістерге тоқталды.


«Орыс тілі және әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі С.Бейсембаева және «Түрік филологиясы» кафедрасының меңгерушісі К.Семиз постмониторингке қатысты өз кафедраларында жүргізілген жұмыстар туралы ақпарат беріп, кейбір көрсеткіштер бойынша алға ілгерілеу байқалғанын атап өтті.

ШЕШІМ: Бағдарламалық және институционалдық аккредиттеу аясында жүргізілген постмониторинг нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын. Кафедралар ұсынымдар бойынша жұмысты жалғастырып, сапаны арттыру шараларын жүйелі түрде жүргізісін. (Жауапты: кафедра меңгерушілері)

5. Әр түрлі мәселелер.


5. Бесінші мәселе бойынша факультеттің әртүрлі мәселелері қарастырылды.

Факультет ОӘК төрағасы



М.Талдыбаева

ОӘК хатшысы



А.Кұрбан